


**СТУДЕНТ;**ДАРКЕНЬАЕВА Б.Қ

**ОҚЫТУШЫ;**ТЕБЕГЕНОВА Е.Т

**ТОБЫ;** ФТ 1-1

# ҰЛТ ЖОСПАРЫ –

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

- **«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы**

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Мемлекет басшысының 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді.

Бағдарлама Алматы, Астана, Ақтөбе, Шымкент және Өскемен қалаларын заманауи инфрақұрылымы бар ұлттық және халықаралық деңгейдегі хаб-қалалар ретінде белгілеумен, елдің макроаймақтарын қалыптастыру арқылы Қазақстанның бірыңғай экономикалық нарығын құру және елдік көлік инфрақұрылымын халықаралық көлік жүйесіне біріктіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

- Оның ішінде «Байтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мемлекеттік бағдарламаның азаматтар үшін тұрғын үй қолжетімділігін жоғарылату, кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілетін арттыру, отандық машина құрастыруды қолдау, экспортты қолдау тәрізді бағыттарын іске асыруға жауап береді.
- Экономиканың жекелеген секторларын, өңдеу өнеркәсібінің отандық экспортқа шығарушыларды қолдау жөніндегі шараларды іске асыру және басқа іс-шаралар өндірістің ағымдағы көлемін , қазіргі жұмыс орындарын сақтауды, сондай-ақ сыртқы нарықта конъюктураның нашарлауы жағдайында жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді.
- Тұтас алғанда, инфрақұрылымды дамыту арқылы мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту және кәсіпкерлікті қолдау арқылы Бағдарламаны іске асыру қысқа мерзімде экономикалық өсімге ықпал етіп қана коймай, болашақта тұрақты өрлеуге алғышарт болады.

Ruslan Erbota (RFE/RL)

# Бағдарламаның мақсаты

- Елдің макроаймақтарын Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін, хаб қағидасында тиімді инфрақұрылым құрасыру негізінде біріктіру арқылы бірыңғай экономикалық нарықты құру, сонымен қатар, сыртқы нарықтардағы жағдаяттың нашарлауы жағдайларында экономиканың жеке секторларын қолдау бойынша дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру.

# Бағдарламаның міндеттері

- 1) Қазақстанның заманауи көлік инфрақұрылымын құру, сонымен қатар, оның халықаралық көлік жүйесіне бірігуін қамтамасыз ету;
- 2) өндірістік инфрақұрылымды және туризм инфрақұрылымын дамыту;
- 3) Бірыңғай энергетикалық жүйесінің энергетикалық инфрақұрылымын күшейту;
- 4) Тұрғын үй мен коммуналдық қызметтердің, жылумен, сумен жабдықтаужәнесудың бағыттауы инфрақұрылымдарын жаңғырту (қайта жаңарту және салу);
- 5) азаматтар үшін тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру;
- 6) білім беру саласындағы инфрақұрылымды дамыту;
- 7) бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 8)Отандық машина жасау саласын қолдау;
- 9) Экспортты қолдау;
- 10) АӨК-тің субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 11) "Бизнестің жол картасы 2020" кәсіпкерлікті дамытудың Бірыңғай бағдарламасының жобаларын инфрақұрылыммен қамтамасыз ету;
- 12) Зертханалық базаларды дамыту арқылы өнім сапасының қауіпсіздігінқамтамасыз ету;
- 13) Қазақстанның аумақтарының зерттелу деңгейін ұлғайтуынболжамдық ресурстарының бағалауыменбірге қамтамасыз ету

# Қаржыландырудың деректері

- «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарламасының шаралары мен инвестициялық жобалары Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, республикалық және жергілікті бюджет, халықаралық қаржы институттары мен ұйымдары қаражатының, ұлттық компаниялар мен даму институттарының меншікті қаражаты, сонымен қатар, жалпы индикативті сомасы 7,8 трлн. теңге жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылады.

**Қаржыландыру көздері**

Бағдарлама бойынша жалпы шығындар:
Республикалық бюджет
Ұлттық қор
Жергілікті бюджет
Халықаралық қаржы институттары мен ұйымдар
Ұлттық компаниялар мен даму институттарының меншікті қаражаты
Жеке инвестициялар және

**Қажетті қаражат (млрд. теңге)**

7 751,9
429,4
2 355,9
299,4
3 954,2

673,7
39,3



## «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Кезінде Ұлттық Қордың не үшін құрылғанын қаперлеріңізге салғым келеді.

Оның басты міндеті - тұрақты әлеуметтік - экономикалық дамуды қамтамасыз ету және экономиканы сыртқы жайсыз жағдайлардан қорғау.

Дәл қазір біздің осы қорымызды қажетке жарататын кез келді. Қазақстан өзге елдердің қателіктерін қайталамай, экономикалық өсім үшін ішкі қорын барынша тиімді пайдалануы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Президенті Н.Ә. Назарбаев

## «НҰРЛЫ ЖОЛ» ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Үкіметке Ұлттық Қордан бөлінген қаржының тиісті бағыттар бойынша тиімді және орынды жұмсалуын қамтамасыз етуді жүктеймін.

Әрбір теңгенің қатаң сұрауы болады.

«Нұр Отан» бұл жұмысқа белсене атсалысып, партиялық жіті бақылау орнатуы қажет.

Қазақстан Республикасы
Президенті Н.Ә. Назарбаев